

ТУРИЗМ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ
ТУРИЗМ: МИРОВОЙ ОПЫТ
TOURISM: WORLD EXPERIENCE

FTAX3 06.52.17
ӨОЖ 338.48
JEL I32

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-3-221-233>

ҚҰРБАНБАЕВА А.А.,¹

Э.Ф.К., аға оқытушы.

e-mail: akurbanbaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3774-0005

УСЕМБАЕВА Г.Т.,²

Э.Ф.М., аға оқытушы.

e-mail: gainiusembaeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8771-6930

ДҮЙСКЕНОВА Р.Ж.,³

PhD, аға оқытушы.

e-mail: raigul19@mail.ru.

ORCID ID: 0000-0002-7011-8229

МАКЕНОВА Г.У.,*⁴

Э.Ф.М., аға оқытушы.

*e-mail: gulsim.makenova@narхоз.kz

ORCID ID: 0000-0002-1684-1694

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²К. Сағадиев атындағы Халықаралық

бизнес университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³Халықаралық көліктік –

гуманитарлық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

⁴Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ
МЕН ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРЫ
(Қазақстан Республикасы мысалында)

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – халықаралық туризмді дамытудың заманауи үрдістерін және Қазақстан Республикасында туризмді дамытуға әсер ететін факторлар арқылы өндірілген инвестициялардың қайтарымын анықтау. Мақсаттарға қол жеткізу үшін аймақта қызмет көрсетілген келушілердің саны орналастыру орындарымен қаралды, туристік салаға инвестицияларға талдау, республика аймағы үшін үлестірілген артта қалған модельдер және үлестірілген артта қалған динамикалық модельді құру нәтижелері алынды. Туризмді дамыту қазір өзекті тақырыптардың біріне айналды, осы салада әлем бойынша жұмыспен қамтылған, миллиондаған адамдардың табыс көзі болып табылады. Сондықтан туризм саласының даму қарқынын арттыру халықаралық ұйымдардың Күн тәртібінде және мемлекет Басшысының Қазақстан Республикасының халқына жыл сайынғы Жолдауларында талқыланып отыр. Туристік қызметтер нарығын дамыту стратегиясын анықтау үшін оған әсер ететін факторлар анықталып, статистикалық талдау жүргізілді. Бірнеше корреляциялық-регрессиялық

талдау бір айнымалының бірнеше айнымалы факторларға тәуелділігін зерттеуге болатын әдістердің бірі. Осы мақсатта маңызды факторлар таңдалды, сонымен қатар сызықтық регрессия теңдеуі құрылды. Айнымалыларды сандық түсіндіру кезінде параметрлер әсер етуші фактордың жалғыз өзгеруімен және басқа тәуелсіз факторлардың өзгермейтін мәндерімен айнымалы нәтиженің орташа өзгеруі ретінде түсіндіріледі. Авторлар аймақ мысалында корреляциялық-регрессиялық, сонымен қатар бірнеше сызықтық регрессия теңдеуінен алынған параметрлерге талдаулар жасады. Алынған регрессия теңдеулері тұтастай алғанда және коэффициенттер тиісті маңыздылық деңгейінде статистикалық маңызды және сенімді болып отыр, бұл республика бойынша бірнеше сызықтық регрессия теңдеуінің алынған параметрлерін талдау бойынша қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: халықаралық туризм, тенденциялар мен факторлар, даму, корреляция, инвестицияларды талдау, регрессия, артта қалу.

Кіріспе

Туризм саласын дамыту арқылы ұлттық экономикадағы туризм үлесін арттыруға Қазақстан республикасының табиғи, тарихи және мәдени потенциалы және мүмкіндіктері үлкен. Заманауи трендке айналған туризм саласының дамуы миллиондаған халықтың қызығушылығын тудырып отыр. Сондықтан, өз артықшылықтары мен әлеуетін пайдалану негізінде, туризмді жандандыру мәселелері мемлекеттік деңгейде көтеріліп, түрлі шаралардың жүзеге асырылуын қажет етеді. Осыған орай, мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа Жолдауларында республикамыздың алға қойған мақсаттарына жету жолдары белгіленген [1].

Басқа елдер сияқты, Қазақстан да шетелдік туристер үшін өзінің «тауарын» ұсынады, туристік қызметтердің экспорты мен импортын көрсетеді. Халықаралық туризмде туристік қызметтер туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын тауарлар ретінде ұсынылады. Халықаралық туризм – негізгі (орналастыру, тамақтану, көлік) және қосымша (курорттық емдеу, экскурсиялар, спорттық-туристік және рекреациялық жұмыстар) туристік тұтыну үшін қажетті қызметтер мен тауарларды сату кезінде, шетел туристеріне қызмет көрсетудің барлық орындарында ел аумағында сатылатын экспорттың тиімді нысаны.

Экономиканы әртараптандыру – республиканың басты бағыттарының бірі, сондықтан ұлттық экономиканы дамыту мақсатында табиғи-климаттық, тарихи, мәдени әлеует мүмкіндіктерін пайдалана отырып, материалдық емес сфераны дамыту арқылы ЖІӨ-гі туризмнің үлесін арттыру көзделіп отыр.

Туризм саласын арттыруда Қазақстан туризмінің қазіргі даму тенденциялары мен әсер етуші факторларын республикамыздың бірнеше аймақтары арқылы зерттеу, инвестицияның мультипликативті әсері арқылы, өндірілген инвестициялардың қайтарымын анықтау – мақаланың мақсаты. Туризм саласын дамыту мақсатында 2019–2025 жж. бағытталған Мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстар жүргізілуде [2] және ішкі туризмді дамытуда «Kids Go Free» (Kids Go Free) бағдарламасы іске қосылып, 16 жасқа дейінгі жас балаларға әуежай билетін мемлекеттік деңгейде субсидиялау шаралары енгізілген еді [3].

Жаһандану уақытысында, әлемдегі миллиондаған халық туризм саласында қызмет жасап, табыс алып, осы саланы күн-көріс көзіне айналдырып отыр. Сондықтан туризм саласын қарқынды түрде дамыту стратегиясы арқылы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мақсатында, өндірілген инвестициялардың қайтарымын анықтау, басымдылық әсер етуші факторларын анықтау, туризмнің дамуындағы синергиялық және мультипликативті әсері негізінде ұлттық өнімнің үлесін арттыру зерттеу жұмысының өзектілігін арттырады. Қойылған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылып отыр:

- 1) туризм ұғымын жан-жақты талдауда отандық және шетел ғалымдарының жұмыстарын талдау;
- 2) өндірілген инвестициялардың қайтарымын анықтауға байланысты, талдау үшін бөлінген артта қалуы бар динамикалық модельді қолдану;
- 3) таңдалған аймақтар үшін бөлінген артта қалған модельдер құру арқылы, артта қалушылықты анықтау және бөлінген артта қалған динамикалық модельді құру нәтижелеріне қол жеткізу;
- 4) Корреляциялық-регрессиялық талдау арқылы, тәуелді айнымалылармен тура статистикалық маңызы бар басқа айнымалы факторларын анықтау.

5) Бірнеше сызықтық регрессия теңдеуінен алынған параметрлерін талдау арқылы тұжырымдарды жасау.

Жалпы туризмнің қазіргі даму тенденциялары мен әсер етуші факторлары тақырыбын зерттеу әлем бойынша туризм саласын зерттеуші ғалымдардың жұмыстарында жан-жақты қарастырылды. Осыған орай, түрлі бағыттарғы зерттеуді отандық және шетел ғалымдарының еңбектерінен көре аламыз.

Отандық ғалымдар А. Қабытаев, М. Титованың ғылыми мақаласы гастрономиялық туризмнің қазіргі жағдайы, мақсаты және саяхаты, Ақмола облысында аспаздық туризмді перспективалық дамыту мәселелері талданады [4]. Ш. Қайырова, Д. Есімова, Ф. Маликова отандық зерттеушілердің еңбегі Қазақстанда тұрақты экотуризмді дамытуға арналған зерттеу жұмыстары жүргізілген [5].

Ұлыбритания және Түркия зерттеушілері Эльма Сатрович және Фестус Фатай Адедоин еңбектерінде 1997–2018 жж. аралығындағы оңтүстік-шығыс Еуропаның он елінен тұратын топ үшін, айнымалылар арасындағы біріктірілген өзара әрекеттесуді қарастырады [6]. Ресей ғалымдарынан М.Ю. Рахимова және О.Л. Панченконың мақаласында әлемнің цифрлық экономикаға тез енуі зерттеледі [7].

Қытай ғалымдары Цзи Чен және Томас Балезентис «Белдеу және Жол» бағдарламасы аясында аймақтық экономикалық өсу мен халықаралық туризмнен түсетін кірістер арасындағы динамикалық байланысты зерттеген [8]. Цген-Поа Ву және Хунг-Че Ву қытай зерттеушілерінің жұмысында 1995–2020 жж. халықаралық туризмді дамытудың Шығыс Қытайдағы экономикалық өсуге асимметриялық әсері мен жұмыста Сим мен Чжоу енгізген квантиль-квантиль (QQ) тәсілін қолданады [9].

Еуропа ғалымдары Жауме Россело және Сюзанна Бекен туризмге әсер етуші экзогенді туристік сектормен тікелей факторларды қарастырады. Табиғи апаттар мен күтпеген оқиғаларды, жеке адамдар мен қоғамға қатты әсерін, нәтижесінде туристік ағынға тікелей әсерін талдайды [10].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық туристік ұйымы (UNWTO) бойынша халықаралық туризм динамикасының 2024 ж. ақпараттарына сүйене отырып, пандемияға дейінгі көрсеткіштерге жетуі жобаланып, бірнеше сценарийін белгілеген еді. 2023 ж. UNWTO ақпараттарына сәйкес, дүние жүзіндегі тіркелген турист саны 1,286 млрд шетелдік туристі құрады және 2022 ж. салыстырғанда 34% немесе 325 млн-ға өскендігін көрсетіп отыр [11].

Материалдар мен әдістер

Сонымен, жеке саяхат қызметтері экспортының өсуіне байланысты сапарлардың ЖІӨ-гі үлесі 2023 ж. айтарлықтай өсті. Сапарлардың өсуі елде өткізілетін әртүрлі іс-шаралармен байланысты [12]. 1-кестеде 2023 ж. облыстар бөлінісінде сапарлардың мақсаттары бойынша келушілердің саны орналастыру орындарымен көрсетілді.

Кесте 1 – Облыстар бойынша сапарлардың мақсаттары негізінде орналастыру орындарымен бөлінген келушілер

(адам)

аймақ	барлығы	Сонымен қатар			
		резиденттер		Резидент еместер	
		жеке	Іскерлік және кәсіби	жеке	Іскерлік және кәсіби
ҚР	3 581340	2081391	1 247 223	57 384	195 342
Ақмола обл.	237 671	167 404	67 610	1 976	681
Ақтөбе обл.	85 050	42 345	36 888	3 700	2 117
Алматы обл.	482 877	440 091	42 095	517	174
Атырау обл.	84 534	10 676	57 279	675	15 904
БҚО	41 466	16 603	19 920	1 057	3 886
Жамбыл обл.	94 479	58 129	34 793	736	821
Қарағанды обл.	199 891	97 141	96 074	997	5 679
Қостанай обл.	141 960	88 838	45 823	4 388	2 911

1-кестенің жалғасы

Қызылорда обл.	50 704	15 053	35 363	43	245
Маңғыстау обл.	160 504	62 210	89 938	259	8 097
Павлодар обл.	71 763	31 726	35 917	879	3 241
СҚО	102 632	66 880	33 620	679	1 453
Түркістан	103 747	72 296	30 216	1 134	101
ШҚО	352 355	228 709	117 390	1 394	4 862
Астана қ.	421 050	212 345	144 947	14 190	49 568
Алматы қ.	737 263	348 920	276 062	20 920	91 361
Шымкент қ.	213 394	122 025	83 288	3 840	4 241
Ескертпе: Авторлармен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.					

Туризм саласында жұмыс істейтін кәсіпорындардың өсуі жыл сайын осы салаға инвестициялар түрінде қаржы ресурстарын салатындығын көрсетеді. Қазақстанда туризмге инвестицияларды тартуда ел тарихындағы ең жоғарғы көрсеткішке жетіп, оның шамасы 153,7 млрд теңгені құрады. Дүниежүзілік туризм және саяхат Ұйымының (WTTC) ақпараттарына сәйкес республикамыздың туризмдегі ЖІӨ-ң үлесі 5,7%-ға теңесті, бірақ 2025 ж. оның үлесін 8 %-ға дейін арттыруға бағытталып отыр [13].

ЖІӨ-гі туризм үлесін арттыруда туристік салаларға инвестицияларды тарту арқылы, ішкі туризм мен шетелдік туристердің шығындарын көтеру, жылына орташа есеппен 8%-ға өсуі жоспарланған. Осы негізде туризм серпінін арттыру арқылы мультипликативті әсері күтілуде. Туризмді жандандыруда мемлекеттік-жекешелік әріптестік моделінің қажеттілігі негізінде, ішкі мәселелерді шешуде (инфрақұрылым, жер және т.б.) мемлекет тарапынан іс-шаралар қарқындылығы қажет. Қазақстан Республикасы Агенттігінің туристік саладағы негізгі капиталдың инвестициялануына қатысты статистикалық деректеріне сәйкес жекелеген көрсеткіштер болмағандықтан, біз негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көрсеткіштерін негізге аламыз [14].

Кесте 2 – Туристік саладағы инвестициялар, 2012–2023 жж. (млн теңге)

Көрсеткіштер	Тұру және тамақтану қызметтері	Өнер, ойын-сауық және демалыс	Көрсеткіштер	Тұру және тамақтану қызметтері	Өнер, ойын-сауық және демалыс
2012 ж.	31 160	79 285	2018 ж.	48336	113360
өткен жылға %-бен	92,9	109,8			
2013 ж.	26348	84502	2019 ж.	80780	68779
өткен жылға %-бен	80,8	101,9	өткен жылға %-бен	159,9	57,9
2014 ж.	32579	74933	2020 ж.	129496	75132
өткен жылға %-бен	118,2	84,8	өткен жылға %-бен	150,1	102,3
2015 ж.	41159	101423	2021 ж.	192132	104210
өткен жылға %-бен	120,4	129,0	өткен жылға %-бен	136,7	127,8
2016 ж.	36218	97796	2022 ж.	148385	155896
өткен жылға %-бен	84,8	92,9	өткен жылға %-бен	74,7	144,7
2017 ж.	49373	113523	2023 ж.	112856*	96487*
өткен жылға %	130,8	111,4	өткен жылға %	76*	61,9*
Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.					

Статистикалық деректерге сәйкес, берілген бағыттар бойынша негізгі капиталды инвестициялаудың орташа шамасы 10%-ға теңесті, 2022 ж. жалпы инвестициялардың өсімі 46%-ды құрап отыр.

Туристiк саланы дамыту стратегиясын әзiрлеу, атап айтқанда, негiзгi капиталға инвестициялардың туристiк секторға әсерiн анықтауға байланысты мiндеттердi шешудi көздейдi. Бiздiң ойымызша, инвестициялардың тиiмдiлiгiн сипаттайтын ең объективтi көрсеткiш – орналастыру орындарында көрсетiлген қызметтердiң көлемi. Сонымен қатар, iшкi нарықтағы демалыс орындарында, негiзгi курорттық жерлерiнде 81 млрд теңге негiзiнде 79 жобаны жүзеге асыруға бағытталған. Осы саладағы инфрақұрылымның жаңаруы, туризм саласының серпiнiн арттыруға және инвестициялық тартымдылыққа жол ашатыны белгiлi. Жүргiзiлiп жатқан iс-шаралардың аясында 2020 ж. 92 жоба бекiтiлген. Атап айтатын болсақ, оларға [15]:

- ◆ Елiмiздiң бас қаласындағы «Sheraton» қонақ үйi;
- ◆ Ақтау теңiзi жағалауындағы «Rixos Water World Aktau» кешенi;
- ◆ Киелi туризмдi дамытуға бағытталған, Түркiстандағы «Rixos Turkistan» мен «Hampton by Hilton» қонақ үйлерi;

◆ Орталық Азиядағы Түркiстандағы жалғыз «Керуен-Сарай» туристiк-ойын-сауық кешенi ашылды, оған 110 бөлмелi жоғары санаттағы қонақ үйлер, ауданы 44 мың квадрат км болатын сауда орталығы және Шығыс стилiндегi базар мен жанұялық ойын-сауық орталықтары жұмыс жасауда [2].

Жалпы, 2022 ж. туризм саласындағы негiзгi капиталға инвестициялардың 2019 ж. салыстырғанда 1,3 есе өсуiн қамтамасыз етуге қол жеткiзiлдi. 2022 ж. жалпы инвестиция көлемi 1,1 трлн доллар болатын 115 жобаны iске асыру жалғастырылатын болады. Мәселен, мысалы, «Rixos WaterWorld Aktau» Орталық Азиядағы ең iрi бес жұлдызды кешенге айналды, онда 2020 ж. екiншi жартыжылдығында келушi турист саны артып, оның саны 70 мыңға жеттi және болашақта турист саны екi есеге дейiн арттыруын көздеп отыр. Инфрақұрылымның дамуымен Каспий теңiзiнiң Маңғыстау жағалауын көркейту арқылы, келушi туристердiң қызығушылығын арттыруға бағыттылып отыр. Соңғы жылдардағы «Fairmont» «Double Treeby Hilton» жоғары санаттағы халықаралық стандарттар деңгейiндегi саябағы, қонақүйлерге 1,25 млрд доллар инвестиция тартылған [2].

Мақаланы зерттеу барысында бiрнеше әдiстер қолданылды. Авторлар Қазақстан Республикасы бойынша корреляциялық-регрессиялық талдау жүргiзу мақсатында тәуелсiз факторлар ретiнде келесi көрсеткiштер таңдалды:

- ◆ қонақ үйлердiң төсек-орындарының толуы;
- ◆ халықты тұру және тамақтану қызметтерi саласында жұмыспен қамту;
- ◆ ЖӨӨ;
- ◆ жан басына шаққандағы ЖӨӨ;
- ◆ атмосфераға шығарындылар;
- ◆ қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар;
- ◆ орналастыру орындарындағы нөмiрлер саны.

Эконометрикалық модельдi құру үшiн 2013 ж. 2023 ж. дейiнгi кезеңдегi көрсетiлген көрсеткiштердiң статистикалық деректерi, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлiгi Статистика комитетiнiң ұсынылған деректерi пайдаланылды. Корреляциялық-регрессиялық талдау жүргiзу үшiн Statistica компьютерлiк бағдарламасы қолданылды. Қарастырылып отырған көрсеткiштер арасындағы тәуелдiлiктi талдау төмендегi кестелерде корреляциялық матрицалар түрiнде ұсынылады.

Салынған инвестицияның мультипликативтi әсерiн алу үшiн уақыт қажет, содан кейiн ғана бiз инвестициядан оң нәтиже аламыз. Өндiрiлген инвестициялардың қайтарымы бiрден емес, белгiлi бiр уақыт кезеңiнен кейiн болады деп болжау табиғи нәрсе, осыған байланысты талдау үшiн бөлiнген артта қалуы бар динамикалық модельдi қолданған жөн (артта қалу шамасы үшке тең деп есептеймiз):

$$y_t = \alpha + \beta_0 x_t + \beta_1 x_{t-1} + \beta_2 \delta_{t-2} + \beta_3 x_{t-3} , \quad (1)$$

мұндағы:

- y – орналастыру орындарымен көрсетiлген қызметтер көлемi (млн теңге);
- x – негiзгi капиталға инвестициялар (млн теңге).


Белгілі бір уақытқа кідірісі бар инвестициялар негізгі капиталдың өсуіне ауысатыны анық, бұл кідіріс инвестициялардың әртүрлі элементтері үшін бірдей емес. Сондықтан, ең алдымен, бөлінген артта қалу моделі – инвестициялар мен негізгі капиталдың өсуі арасындағы байланысты сипаттайтын жеткілікті құрал.

Графикалық талдау артта қалу құрылымының көпмүшелік көрінісі бар екенін көрсетеді, нәтижесінде модель параметрлерін бағалау үшін Алмон әдісін қолданамыз және 2 – суретте артта қалған динамикалық модель нәтижелерін құру динамикасы беріледі:

- 1) біздің жағдайда артта қалудың максималды мөлшерін анықтау;
- 2) біздің жағдайда лаг құрылымын сипаттайтын көпмүшенің дәрежесін анықтау;
- 3) көмекші айнымалылардың мәндерін есептеу;
- 4) алдыңғы тармақта анықталған айнымалылар үшін ең кіші квадраттар әдісі, сызықтық регрессия теңдеуінің параметрлері анықтау;
- 5) үлестірілген кідіріспен бастапқы модель параметрлерін бағалау.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық туризмге елу туризмі және шығу туризмі сияқты ұғымдар кіреді [16]. Бүгінгі күннің шындығы, туризм – қазіргі қоғамдағы ұтқырлықтың ең қуатты катализаторларының бірі. Халықаралық туризмді дамытудың мәнін түрлі деңгейдегі әсерлер арқылы сипаттамасын 1-суреттен көре аламыз.



Сурет 1 – Халықаралық туризмнің мәні

Ескертпе: Авторлармен [17] дереккөз негізінде құрастырылған.

Жалпы туризмді дамытудың маңызды аспектісі, оның ауқымының айтарлықтай өсуі экономиканың басқа салаларын ынталандырады.


Халықаралық туризм индустриясы – бір елдің экономикалық қызметінің бір түрін ғана емес, сонымен қатар субъектілер мен басқа елдердің шоғырлануы мен бірігуін талап етеді. Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық туризмнің рөлін анықтау үшін біз халықаралық туризмнің құрылымын келесі деңгейлер бойынша 3-кестеде қарастырамыз.

Туризмді дамытуда мемлекеттер өз мүдделерін құрметтеуге тиіс, туристік аймақтардың ұлттық деңгейде тұрақты дамуы – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін аумақтардың экономикалық дамуын анықтайды және болжайды.

Кесте 3 – Халықаралық туризмнің деңгейлер бойынша құрылымы

№	Түрлері	Сипаттамасы
1	Ұлттық деңгейде	Ұлттық Халықаралық туризм басқа мемлекеттермен өзара іс-қимылда туризмді дамыту және реттеу бойынша бірқатар мәселелерді қамтиды.
2	Салалық деңгейде	Халықаралық туризм индустриясының ұйымдастырушылық сәттерін қарастыруды қамтиды, атап айтқанда, компанияның салалардағы және сала ішіндегі іс-әрекет стратегиясы.
3	Аймақтық деңгейде	Аймақтық дифференциацияны ескере отырып, өңірлік дамудың инклюзивтілік рейтингтік бағалау.
4	Фирма ішіндегі деңгейде	Компанияда жұмыс істейтін менеджерлердің әдістемелік тәсілдерінің ерекшеліктерін зерттейді.
Ескертпе: Авторлармен [4] дереккөз негізінде құрастырылған.		

ҚР-ң бөлінген артта қалған динамикалық модель нәтижелерін құру динамикасы беріледі және осы динамика арқылы модель нәтижелерінің өзгерістерін 2-суретте көре аламыз.



Сурет 2 – ҚР-ның бөлінген артта қалған динамикалық модель нәтижелерін құру динамикасы.

Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған [16, 17].

ҚР-ның бөлінген артта қалған моделі негізінде қысқа мерзімді, аралық және ұзақ мерзімді мультипликаторлар, салыстырмалы коэффициенттер және орташа артта қалушылық анықталды. Қысқа мерзімді мультипликатор факторлық белгінің артта қалған мәндерінің әсерін ескермей, ағымдағы уақытта орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемінің 1 млн теңгеге орташа абсолютті өзгеруін сипаттайды. Аралық еселіктер бір және екі жылдан кейін факторлық айнымалының нәтижеге жиынтық әсерін сипаттайды. Ұзақ мерзімді мультипликатор ағымдағы өзгерістің әсерінен ұзақ мерзімді кезеңде (біздің жағдайда үш жыл) орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемінің 1 млн теңгеге абсолютті өзгеруін көрсетеді. Модельдің салыстырмалы коэффициенттері орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемінің жалпы өзгеруі үлесін уақыт бойынша өлшейді $t + j$, ($j = 1, 2, 3$).

Орташа арифметикалық өлшенген формула бойынша есептелген модельдің орташа артта қалуы, уақыт факторының өзгеруі әсерінен нәтиженің өзгеруі болатын орташа кезең болып табылады. Орташа артта қалудың шамалы шамасы нәтиженің фактордың өзгеруіне салыстырмалы түрде жылдам жауап беруін көрсетеді, ал оның жоғары мәні фактордың нәтижеге әсері бұл ұзақ уақыт бойы әсер етеді.

Кесте 4 – Бөлінген артта қалған динамикалық модельді құру нәтижелері

Көрсеткіштер		Қазақстан Республикасы
Үлестірілген артта қалу моделі		$y_t = 6837,451 + 0,017x_t +$ $- 0,014x_{t-1} - 0,013\delta_{t-2} +$ $+ 0,021x_{t-3} + \varepsilon_t$
Ағымдағы кезеңде негізгі капиталға инвестициялардың 1 млн теңгеге өсуі кезінде орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемінің өзгеруі	0,01722 млн теңгеге өсу	0,00918 млн теңгеге өсу
	0,00309 млн теңгеге өсу	0,00007 млн теңгеге төмендеу
	0,00994 млн теңгеге төмендеу	0,00521 млн теңгеге төмендеу
	0,01059 млн теңгеге өсу	0,01632 млн теңгеге өсу
салыстырмалы коэффициенттер, %	Ағымдағы уақыт	162,70
	келесі жылы	-133,48
	екі жылдан кейін	-123,09
	үш жылда кейін	193,87
Модельдің орташа артта қалуы		2,02
Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.		

Кесте 5 – Қазақстан Республикасы бойынша көрсеткіштер үшін корреляциялық матрица

Көрсеткіш	Орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтердің көлемі	Қонақ үйлерді толтыру	Халықты тұру және тамақтану қызметтері саласында жұмыспен қамту	ЖӨӨ	Жан басына шаққандағы ЖӨӨ	Атмосфера қалдықтары	Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар	Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны
Орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтердің көлемі	1,000	-0,613	0,939	0,978	0,979	0,587	0,945	0,982
Қонақ үйлерді толтыру	-0,613	1,000	-0,700	-0,601	-0,580	0,173	-0,691	-0,675
Халықты тұру және тамақтану қызметтері саласында жұмыспен қамту питанию	0,939	-0,700	1,000	0,944	0,932	0,382	0,941	0,945
ЖӨӨ	0,978	-0,601	0,944	1,000	0,999	0,617	0,957	0,983
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ	0,979	-0,580	0,932	0,999	1,000	0,643	0,953	0,980
Атмосфера қалдықтары	0,587	0,173	0,382	0,617	0,643	1,000	0,456	0,549
Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар	0,945	-0,691	0,941	0,957	0,953	0,456	1,000	0,955
Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны	0,982	-0,675	0,945	0,983	0,980	0,549	0,955	1,000
Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.								

Корреляциялық-регрессиялық талдауды қолдана отырып, тәуелді айнымалылармен тығыз статистикалық маңызды байланысы бар факторлар таңдалды. Деректерді жуықтау нәтижелері 6-кестеде беріледі.

Кесте 6 – Қазақстан Республикасы үшін орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтер

R ²	0.985
R ²	0.971
Түзетілген R ²	0.963
Фишер критерийінің бақыланатын мәні	116.766
Фишер критерийінің маңызды мәні	4.737 ($\alpha=0.05$, $k_1 = 2$, $k_2 = 7$)
Айнымалылар	
Орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтердің көлемі (мың теңге) – тәуелді айнымалы	
тұрақты	-11837979,408*
	Регрессия коэффициенттері
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ (мың теңге)	14569,631*
орналастыру орындарындағы нөмірлер саны (бірлік)	1004,949*
*p<0.1; **p<0.01	
Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.	

6-кестедегі Қазақстан Республикасы үшін орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтер негізінде зерттеу бойынша бірнеше корреляция коэффициенті алынған белгінің бір уақытта екі факторлық белгімен тығыз байланыстылығын көрсетіп отыр, ал түзетілген анықтау коэффициенті тәуелді айнымалының вариациясының 96,3% алынған регрессиямен түсіндірілетінін көрсетеді. Яғни, Фишер критерийінің критикалық мәні байқалғаннан үлкен болғандықтан, алынған регрессия теңдеулері 95% ықтималдықпен статистикалық маңызды және сенімді болып табылады. Тиісті маңыздылық деңгейлеріндегі регрессия коэффициенттері мен тұрақтылығы маңызды деген тұжырымға келеміз.

Қорытынды

Бірнеше сызықтық регрессия теңдеуінің алынған параметрлерін талдау келесі тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді:

1) жан басына шаққандағы ЖӨӨ 1 мың теңгеге ұлғайған кезде орналастыру орындарында көрсетілген туристік қызметтер көлемі 14569,613 мың теңгеге ұлғаяды;

2) орналастыру орындарындағы нөмірлер саны 1 бірлікке ұлғайған кезде орналастыру орындарында көрсетілген туристік қызметтер көлемі 1004,949 мың теңгеге ұлғаяды.

Халықаралық туризмнің дамуына әсер ететін факторларды ескере отырып, туризм саласы синергетикалық әсер беретінін атап өткен жөн. Атап айтқанда, қызмет көрсету сапасы арттыру, сақтандыру компанияларын тарту, туристік бағыттағы жаңа сегменттердің пайда болуы және жаңа маршруттардың әзірленуінде, сондай-ақ, жаңа қоғамдық тамақтандыру орындары, спорттық-сауықтыру, мәдени-демалыс, қолөнер және кәдесыйлар, сауда-ойын-сауық және басқа да салалар ашылуындағы стандарттардың жоғары деңгейі қажеттігі жоғары.

Жалпы, туризмге қатысты барлық инфрақұрылымның дамуына кедергілерді жою арқылы, туризмнің белгілі аймақтарда ғана емес, жалпы елдің экономикалық жағдайына жол ашылатыны, аймақтарға оң экономикалық әсері сөзсіз және айқын.

Тақырыпты зерттеу нәтижесінде, біз мынадай қорытындыға келеміз:

♦ туризм, әрине, Қазақстанның экономикасына оң әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар әлемнің көптеген елдерінде негізгі табыс көзі;

♦ табиғи-рекреациялық әлеует экологиялық-экономикалық жүйе ретінде аумақтарды тұрақты даму қағидаттарына сәйкес туристік ағынмен толықтырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатыны және Қазақстан Республикасының экономикасын тиімді дамытуға қабілетті екендігі анықталды.

Жалпы, Қазақстанда инвестицияның қайтарымы барлық қарастырылып отырған кезең ішінде байқалады, бірақ әсердің басым бөлігі де ағымдағы уақытта немесе үш жылдан кейін пайда болады. Орташа алғанда республика бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың орналастыру арқылы көрсетілетін қызмет көлеміне әсері 2,02 жылдан кейін байқалады.

Туризм индустриясын дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдерді орындау тиімділігі қоршаған ортаны қорғау шығындарының өсуімен, орналастыру орындарының туристік қызмет көрсету көлемінің ұлғаятынын көрсетті. Орналастыру орындарындағы нөмірлердің көбеюі, орналастыру орындары көрсететін туристік қызметтердің көлемінің артуына әкеледі.

Қазақстан Республикасының түрлі аймақтарында туризм асимметриялық және жүйесіз дамып отыр, туристік дестинациялар мен туристік өнімді дамыту бойынша аймақтық және ұлттық стратегияны жетілдіруді қажет етеді. Сондай-ақ, туризм индустриясын халықаралық деңгейге көтеруді реттеуде нормативтік-құқықтық актілерін жетілдіру қажеттігі туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Электронный ресурс. URL: www.strategy2050.kz. (дата обращения: 30.10.2022)
- 2 ҚР-ң туризм саласын 2019–2025 жылдары дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама. 2019 жыл 31 мамыр № 360 Қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (өтініш берілген күн: 21.06.2019)
- 3 Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023–2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года, № 262. URL: <https://www.gov.kz/legalacts/details/P2300000262?lang=> (дата обращения: 14.05.2021)
- 4 Кабылтаева А.К., Титова М.А. Перспективы развития гастрономического туризма в Казахстане // Архивариус. – 2020. – № 8(53). – С. 25.
- 5 Каирова Ш.Г., Есимова Д.Д., Маликова Ф.М. Устойчивый экологический туризм в Казахстане // Наука и туризм: стратегии взаимодействия. – 2018. – Выпуск 8. – С. 22.
- 6 Adedoyin F. The effect of energy consumption on the environment in the OECD countries: economic policy uncertainty perspectives // Environ Sci Pollut Res. 2021, no. 28, pp. 5229–5230.
- 7 Рахимова М.Ю., Панченко О.Л. Глобальная цифровая экономика и ее влияние на международный туризм // Казанский вестник молодых ученых. – 2022. – Т. 6. – № 1. – С. 129.
- 8 Chen Ji, Fengming Cui, Balezentis Tomas, Streimikiene Dalia, Jin Huanhuan. What drives international tourism development in the Belt and Road Initiative? // Journal of Destination Marketing & Management. 2021, vol. 19.
- 9 Tsung-Pao Wu, Hung-Che Wu, George Ye, Xian Wu, Baoyuan Pan. The contribution of international tourism development to economic growth in Chinese economy // Journal of Policy Research in Tourism, Leisure and Events. 2022. P. 295.
- 10 Rosselló Jaume, Becken Santana-Gallego Maria. The effects of natural disasters on international tourism // A global analysis, Tourism Management. 2020. Vol. 79.
- 11 UN Tourism conducted a global survey among its UN Tourism Panel of Tourism Experts on the impact of COVID-19 on tourism and the expected time of recovery. Data as collected by UN Tourism, 2023, December. URL: <https://www.unwto.org/un-tourism-world-tourism-barometer-data> (accessed: 06.09.2023)
- 12 Данные Бюро национальной статистики Агентства стратегического планирования и развития РК за 2004–2023 гг. URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 20.08.2022)
- 13 Ташенова Б. Доход от туризма в Казахстане. Центр отраслевого анализа АО «Институт экономических исследований». URL: <https://24.kz/ru/news/economy/item/632051-dokhod-ot-turizma-prinjos-kazakhstanu> (дата обращения: 22.12.2023)
- 14 Туристік саладағы инвестициялар 2012–2023 жж. URL: <http://www.stat.gov.kz> (өтініш берілген күні: 25.02.2022)

15 Cultural heritage, promotion of a healthy lifestyle, support for domestic tourism - how the sphere of culture and sports of the Republic of Kazakhstan developed in 2020. <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-4-339-352> (accessed: 19.02.2021)

16 Закон Республики Казахстан «О туристской деятельности в Республике Казахстан» от 13 июня 2001г. №211-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.06.2024). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1023618 (дата обращения: 10.06.2024)

17 Развитие массового спорта, внутреннего туризма. Отчет Министерства культуры и спорта РК. URL: https://716.kz/news/8576-razvitie-massovogo-sporta-vnutrennego-turizma-kakuyu-rabotu-providit-ministerstvo-kultury-i-spo.html#google_vignette. (дата обращения: 14.05.2021)

REFERENCES

- 1 Jelektronnyj resurs. URL: www.strategy2050.kz. (data obrashhenija: 30.10.2022). (In Russian).
- 2 QR-ñ turizm salасыn 2019–2025 jyldary damyтуға бағyttalған мемлекттік бағdarлама. 2019 jyl 31 мамыр No. 360 Qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (ötiniş berilgen күn: 21.06.2019) (In Kazakh).
- 3 Ob utverzhdenii Konceptii razvitija turistskoj otrasli Respubliki Kazahstan na 2023–2029 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda, No. 262. URL: <https://www.gov.kz/legalacts/details/P2300000262?lang=> (data obrashhenija: 14.05.2021). (In Russian).
- 4 Kabyldaeva A.K., Titova. M.A. (2020) Perspektivy razvitija gastronomicheskogo turizma v Kazahstane // Arhivarius. No. 8(53). P. 25. (In Russian).
- 5 Kairova Sh.G, Esimova D.D., Malikova F.M. (2018) Ustojchivyy jekologicheskij turizm v Kazahstane // Nauka i turizm: strategii vzaimodejstvija. Vypusk 8. P. 22. (In Russian).
- 6 Adedoyin F. (2021) The effect of energy consumption on the environment in the OECD countries: economic policy uncertainty perspectives // Environ Sci Pollut Res, no. 28, pp. 5229–5230.
- 7 Rahimova M.Ju, Panchenko O.L. (2022) Global'naja cifrovaja jekonomika i ee vlijanie na mezhdunarodnyj turizm // Kazanskij vestnik molodyh uchenyh. T. 6. No. 1. P. 129. (In Russian).
- 8 Chen Ji, Fengming Cui, Balezentis Tomas, Streimikiene Dalia, Jin Huanhuan (2021) What drives international tourism development in the Belt and Road Initiative? // Journal of Destination Marketing & Management, vol. 19.
- 9 Tsung-Pao Wu, Hung-Che Wu, George Ye, Xian Wu, Baoyuan Pan. (2022) The contribution of international tourism development to economic growth in Chinese economy // Journal of Policy Research in Tourism, Leisure and Events. P. 295.
- 10 Rosselló Jaume, Becken Santana-Gallego Maria (2020) The effects of natural disasters on international tourism // A global analysis, Tourism Management. Vol. 79.
- 11 UN Tourism conducted a global survey among its UN Tourism Panel of Tourism Experts on the impact of COVID-19 on tourism and the expected time of recovery. Data as collected by UN Tourism, 2023, December. URL: <https://www.unwto.org/un-tourism-world-tourism-barometer-data> (accessed: 06.09.2023)
- 12 Dannye Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva strategicheskogo planirovanija i razvitija RK za 2004–2023 gg. URL: <http://www.stat.gov.kz> (data obrashhenija: 20.08.2022). (In Russian).
- 13 Tashenova B. Dohod ot turizma v Kazahstane. Centr otraslevogo analiza AO «Institut jekonomicheskikh issledovanij». URL: <https://24.kz/ru/news/economy/item/632051-dokhod-ot-turizma-prinjos-kazahstanu> (data obrashhenija: 22.12.2023). (In Russian).
- 14 Turistik saladağy investisialar 2012–2023 jj. URL: <http://www.stat.gov.kz> (ötiniş berilgen күn: 25.02.2022). (In Kazakh).
- 15 Cultural heritage, promotion of a healthy lifestyle, support for domestic tourism - how the sphere of culture and sports of the Republic of Kazakhstan developed in 2020. <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-4-339-352> (accessed: 19.02.2021)
- 16 Закон Республики Казахстан «О туристской деятельности в Республике Казахстан» от 13 июня 2001г. №211-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.06.2024). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1023618 (дата обращения: 10.06.2024). (In Russian).
- 17 Развитие массового спорта, внутреннего туризма. Отчет Министерства культуры и спорта РК. URL: https://716.kz/news/8576-razvitie-massovogo-sporta-vnutrennego-turizma-kakuyu-rabotu-providit-ministerstvo-kultury-i-spo.html#google_vignette. (data obrashhenija: 14.05.2021). (In Russian).

КУРБАНБАЕВА А.А.,¹

к.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: akurbanbaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3774-0005

УСЕМБАЕВА Г.Т.,²

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: gainiusembaeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8771-6930

ДУЙСКЕНОВА Р.Ж.,³

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: raigul19@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-8229

МАКЕНОВА Г.У.,*⁴

м.э.н., ст. преподаватель.

*e-mail: gulsim.makenova@narхоз.kz

ORCID ID: 0000-0002-1684-1694

¹Казахский национальный аграрный
исследовательский университет,

г. Алматы, Казахстан

²Университет международного
бизнеса им. К. Сагадиева,

г. Алматы, Казахстан

³Международный транспортно-
гуманитарный университет,

г. Алматы, Казахстан

⁴Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ И ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРИЗМ (на примере Республики Казахстан)

Аннотация

Целью статьи является определение доходности произведенных инвестиций путем выявления современных тенденций развития международного туризма и выявления факторов, влияющих на развитие туризма в Республике Казахстан. Для достижения целей рассмотрено определенное количество областей и мест размещения посетителей, сделан анализ инвестиций в туристической отрасли, для выбранных регионов были получены результаты построения динамической модели с распределенным лагом. Развитие туризма стало сейчас одной из актуальных тем, является источником доходов миллионов людей, работающих в этой сфере. Поэтому повышение темпов развития сферы туризма обсуждается в Повестках международных организаций, в ежегодных Посланиях Главы государства народу Казахстана. Для определения стратегии развития рынка туристических услуг выявлены факторы, влияющие на него, и проведен статистический анализ. Множественный корреляционно-регрессионный анализ является одним из методов, с помощью которого можно исследовать зависимость одной переменной от нескольких переменных факторов. И с этой целью отобраны значимые факторы, построены уравнения множественной линейной регрессии. При количественной объясняющей переменной параметры разъясняются как среднее изменение результата переменной при единственном изменении самого воздействующего фактора и неизменных значениях других независимых факторов. Авторами проведен корреляционно-регрессионный анализ на примере регионов, также сделан анализ полученных параметров уравнения множественной линейной регрессии. Полученные уравнения регрессии и коэффициенты статистически значимы и надежны при соответствующем уровне значимости, что позволяет сделать выводы по анализу полученных параметров уравнения множественной линейной регрессии по республике.

Ключевые слова: международный туризм, тенденции и факторы, развитие, корреляция, анализ инвестиций, регрессия, лаги.

KURBANBAYEVA A.A.,¹

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: akurbanbaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3774-0005

USSEMBAYEVA G.T.,²

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: gainiusembaeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8771-6930

DUISKENOVA R.ZH.,³

PhD, senior lecture.

e-mail: raigul19@mail.ru.

ORCID ID: 0000-0002-7011-8229

MAKENOVA G.U.,*⁴

m.e.s., senior lecturer.

*e-mail: gulsim.makenova@narxoz.kz

ORCID ID: 0000-0002-1684-1694

¹Kazakh National Agrarian Research University,
Almaty, Kazakhstan

²K. Sagadiev International Business University
Almaty, Kazakhstan

³International University
of Transport and Humanities,
Almaty, Kazakhstan

⁴Naxoz University
Almaty, Kazakhstan

TRENDS AND FACTORS INFLUENCING THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL TOURISM

Abstract

The purpose of the article is to determine the return on investment produced by identifying modern trends in the development of international tourism and identifying factors affecting the development of tourism in the Republic of Kazakhstan. In order to achieve the objectives a certain number of regions and places of visitor accommodation were considered, investment in the tourism industry was analysed, and the results of a dynamic model with a distributed lag were obtained for the selected regions. Tourism development is an urgent topic, tourism is a source of income for millions of people working in this field, therefore, increasing the pace of development of the tourism sector is discussed in the Agendas of international organizations and in the annual Messages of the Head of State to the people of Kazakhstan. To determine the strategy for the development of the tourism services market, the factors influencing it were identified and a statistical analysis was carried out. Multiple correlation and regression analysis is one of the methods by which one can investigate the dependence of one variable on several variable factors. And for this purpose, significant factors were selected, and a multiple linear regression equation was constructed. The authors carried out a correlation and regression analysis using the example of regions, and also analyzed the obtained parameters of the multiple linear regression equation. In conclusion, the obtained regression equations in general and the coefficients are statistically significant and reliable at an appropriate level of significance. It allows us to draw conclusions based on the analysis of the obtained parameters of the multiple linear regression equation for the republic.

Key words: international tourism, trends and factors, development, correlation, investment analysis, regression, lags.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.07.2024